

2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 5С-34/1 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 8 қаңтарда № 4568 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 2016 жылғы 17 ақпандағы № 5С-45/6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 17.02.2016 № 5С-45/6 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 75 бабының 2 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабының 1 тармағының 1) тармақшасына сәйкес Бұланды аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. 2015-2017 жылдарға арналған аудандық бюджет тиісті 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес бекітілсін, соның ішінде 2015 жылға келесі көлемдерге:

1) кірістер – 3598206,2 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер – 548503,4 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 3219,3 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 23279,6 мың теңге;

трансферттер түсімі – 3023203,9 мың теңге;

2) шығындар – 3629221,3 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 7215,1 мың теңге;

бюджеттік кредиттер – 8906,1 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 1691,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0,0 мың теңге;

мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - -38230,2 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) - 38230,2

мың теңге:

қарыздар түсімі – 8906,0 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 1691,0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 31015,2 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 11.11.2015 № 5С-42/1 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 23.12.2015 № 5С-43/3 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

2. Аудандық бюджеттің кірісін келесі кіріс көздердің есебімен бекітілсін:

1) Салықтық түсімдер, соның ішінде:

жеке табыс салығы;

әлеуметтік салық;

мүлікке салынатын салықтар;

жер салығы;

көлік құралдарына салынатын салық;

бірыңғай жер салығы;

акциздер;

табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер;

кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар;

басқа да салықтар;

мемлекеттік баж;

2) Салықтық емес түсімдер, соның ішінде:

мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер;

мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер;

мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

басқа да салықтық емес түсімдер;

3) негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер, соның ішінде:

мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату;

жерді сату;

материалдық емес активтерді сату.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 11.11.2015 № 5С-42/1 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

3. 2015 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен берілетін 1574081 мың теңге сомасында субвенция қарастырылсын.

4. 2015 жылға аудандық бюджетте 1449122,9 мың теңге сомасында нысаналы трансферттер қарастырылсын, соның ішінде

1) республикалық бюджеттен 771521,0 мың теңге сомасында нысаналы даму трансферттер, соның ішінде:

669410,0 мың теңге білім беру объектілерін салу және қайта қалпына келтіруге;

12011,0 мың теңге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалауға, дамытуға және (немесе) жайластыруға;

90100,0 мың теңге коммуналдық шаруашылықты дамытуға;

2) облыстық бюджеттен 114052,0 мың теңге сомасында дамуға нысаналы трансферттер, соның ішінде:

114052,0 мың теңге білім беру объектілерін салу және қайта қалпына келтіруге;

3) республикалық бюджеттен 356745,2 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер, соның ішінде:

7575,0 мың теңге Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізуге;

174267,0 мың теңге мектепке дейінгі білім ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырыстарын іске асыруға, соның ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қордан берілетін нысаналы трансфертті есебінен 12804,0 мың теңге;

37234,0 мың теңге үш деңгейлі жүйе бойынша біліктілігін арттырудан өткен мұғалімдерге еңбекақысын көтеруге;

85,0 мың теңге мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жол белгілерін және нұсқауларды орнатуға;

119384,0 мың теңге мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілері болып табылмайтын жұмыскерлеріне, сондай-ақ жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік қазыналық кәсіпорындардың жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу жүйесінің жаңа моделі бойынша еңбекақы төлеуге және олардың лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін ай сайынғы үстемеақы төлеуге;

2559,2 мың теңге мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын көбейтуге;

10190,0 мың теңге Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізуге;

1145,0 мың теңге мүгедектерге қызмет көрсетуге бағдарланған ұйымдар орналасқан жерлерде жүргіншілер өтетін жолдарды дыбыстайтын құрылғылармен жарақтау;

1039,0 мың теңге азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімдерінің штат санын ұстауға;

3267,0 мың теңге агроөнеркәсіптік кешеннің жергіліктәі атқарушы органдарының бөлімшелерін ұстауға;

4) облыстық бюджеттен бөлінген 206804,7 мың теңге сомасында ағымдағы нысаналы трансферттер, соның ішінде:

73742,1 мың теңге автомобиль жолдарына жөндеу жұмыстарын жүргізуге;

33565,0 мың теңге эпизоотияға қарсы іс-шараларды өткізуге;

2532,0 мың теңге бруцеллезбен ауыратын санитариялық союға жіберілетін ауыл шаруашылығы малдарының (ірі қара және ұсақ малдың) құнын (50% дейін) өтеуге;

9748,0 мың теңге балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсетуге;

4095,0 мың теңге патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) әлеуметтік қамсыздандыруға;

5625,0 мың теңге Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізуге;

1687,5 мың теңге мектептерге арнап электрондық оқулықтар сатып алуға;

15810,1 мың теңге аудандық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу;

60000,0 мың теңге тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамытуға.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 24.06.2015 № 5С-39/1 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен; өзгерістер енгізілді - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 21.09.2015 № 5С-41/1 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.11.2015 № 5С-42/1 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 23.12.2015 № 5С-43/3 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

5. 2015 жылға арналған аудандық бюджеттің түсіміне облыстық бюджеттен 8906,0 мың теңге сомасында бюджеттік кредиттер түсетіні ескерілсін.

Ескерту. 5-тармақ өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 11.11.2015 № 5С-42/1 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

6. 2015 жылға арналған аудандық бюджеттен облыстық бюджетке 1691 мың теңге бюджеттік кредиттерді өтеу қарастырылғаны ескерілсін.

7. Ауылдық жерлерде жұмыс істейтін және азаматтық қызметші болып табылатын білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет саласы мамандарына, осы қызметтің түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын мамандардың жалақыларымен және тарифтік ставкаларымен салыстырғанда

жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар және тарифтік ставкалар аудандық мәслихатпен келісілген тізбеге сәйкес белгіленсін.

8. 2015 жылға арналған аудандық бюджетін атқару процесінде секвестрлеуге жатпайтын аудандық бюджеттік бағдарламалардың тізбесі 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

9. 2015-2017 жылдарға қаладағы, аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, селолық округтің аудандық бюджеттік бағдарламаларының тізбесі 5, 6, 7 қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

10. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Кезекті 34-сессияның төрағасы
Аудандық мәслихаттың хатшысы*

*Б.Қажақанов
Ш.Құсайынов*

КЕЛІСІЛДІ

Бұланды ауданының әкімі

Қ.Испергенов

Бұланды аудандық мәслихатының
2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 5С-34/1
шешіміне 1 қосымша

2015 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 23.12.2015 № 5С-43/3 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты					Сома м ы н теңге
Сыныбы					
Ішкі сыныбы					
Атауы					
1	2	3	4		5
				І. Кірістер	3598206,2
1				Салықтық түсімдер	548503,4
	01			Табыс салығы	31154,0
		2		Жеке табыс салығы	31154,0
	03			Әлеуметтік салық	192741,0
		1		Әлеуметтік салық	192741,0
	04			Меншікке салынатын салықтар	222693,8
		1		Мүлікке салынатын салықтар	163772,0
		3		Жер салығы	14436,8
		4		Көлік құралдарына салынатын салық	42985,0
		5		Бірыңғай жер салығы	1500,0

05	Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	96112,7
2	Акциздер	3600,8
3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	78681,0
4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	13830,9
07	Басқа да салықтар	46,0
1	Басқа да салықтар	46,0
08	Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	5755,9
1	Мемлекеттік баж	5755,9
2	Салықтық емес түсімдер	3219,3
01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1073,3
1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	241,0
5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	830,0
7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	2,3
02	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	30
1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер	30,0
04	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	458,0
Санаты		
Сыныбы		Сома
Ішкі сыныбы		
Атауы		
1 2 3 4		5
1	Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	458,0
06	Басқа да салықтық емес түсімдер	1658,0
1	Басқа да салықтық емес түсімдер	1658,0
3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	23279,6
01	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1201,0
1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1201,0
03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	22078,6
1	Жерді сату	22071,6
2	Материалдық емес активтерді сату	7,0
4	Трансферттердің түсімдері	3023203,9
02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3023203,9
2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3023203,9

Функционалдық топ		
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		

Бағдарлама				Сома
Атауы				
1	2	3	4	5
			II. Шығындар	3629221,3
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	235943,7
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	13717,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	13717,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	65503,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	65352,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	151,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	113537,9
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	113237,9
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	300,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	25780,8
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	24560,0
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	878,8
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	342,0
	492		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	10274,0
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8654,0
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1620,0
	493		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	7131,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7001,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	130,0
02			Қорғаныс	1980,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	1980,0
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	1980,0
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	306,0
	492		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	306,0
		021	Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	306,0
04			Білім беру	2742189,8
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1946568,9
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10774,0

Функционалдық топ					Сома
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
Атауы					
1	2	3	4	5	
		003	Жалпы білім беру		1514314,3
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу		41987,6
		006	Балаларға қосымша білім беру		57177,0
		009	Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру ұйымдарын қамтамасыз ету		86809,0
		015	Жетім сәбиді (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған сәбиді (балаларды), асырап бағу үшін қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайын ақша қаражаттарын төлеу		19397,0
		018	Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру		17895,0
		022	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер		596,0
		029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету		10129,0
		040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға		176798,0
		067	Идараға қарасты мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары		10692,0
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі		795620,9
		037	Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау		795620,9
	06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру		115261,2
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты		8551,0
		003	Мұқтаж азаматтарға үйінде әлеуметтік көмек көрсету		8551,0
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі		101239,2
		001	Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер		21800,0
		002	Еңбекпен қамту бағдарламасы		14761,0
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек		481,0
		006	Тұрғын үй көмегін көрсету		348,0
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек		21615,0
		010	Үйде тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету		389,0
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу		263,0
		016	18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар		7839,0
		017	Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдарымен қамтамасыз ету және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызметін көрсету		6046,0
		021	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары		730,0
		023	Халықты жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету		700,0

		025	Өрлеу жобасы бойынша келісілген қаржылай көмекті енгізу	7893,0
		050	Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	2559,2
Функционалдық топ				Сума
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
			Атауы	
1	2	3	4	5
		052	Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің жетпіс жылдығына арналған іс-шараларды өткізу	15815,0
	464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	4241,0
		030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	4241,0
	492		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	1230,0
		050	Мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру	1230,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы	216483,9
	123		Қаладағы аудан аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімі аппараты	14359,0
		008	Елді мекендерде көшелерді жарықтандыру	13199,0
		010	Жерлеу орындарын күтіп-ұстау және туысы жоқ адамдарды жерлеу	444,0
		014	Елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру	716,0
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	102957,0
		004	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	12857,0
		005	Коммуналдық шаруашылығын дамыту	90100,0
	492		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	99167,9
		003	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	2997,9
		011	Шағын қалаларды жылумен жабдықтауды үздіксіз қамтамасыз ету	54100,0
		012	Сумен жабдықтау және су бөлу жүйесінің қызмет етуі	23400,0
		016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	6870,0
		018	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	11800,0
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	114338,6
	455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	89300,6
		001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4358,0
		003	Мәдени - демалыс жұмысын қолдау	52707,6
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	26240,0
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	5995,0
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	13853,0
		001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5999,0
		002	Арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	4177,0
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	3677,0

	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі	11185,0
		001	Жергілікті деңгейде дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4475,0
Функционалдық топ				
			Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Сома
			Бағдарлама	
			Атауы	
1	2	3	4	5
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	3100,0
		007	Өртүрлі спорт түрлері бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	3610,0
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	69455,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	3019,0
		099	Мамандарды әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	3019,0
	462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	13721,0
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	13721,0
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	6336,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6336,0
	473		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ветеринария бөлімі	46379,0
		001	Жергілікті деңгейде ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9261,0
		005	Мал көметін (биотермиялық шұңқырларлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	221,0
		007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	800,0
		008	Алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	2532,0
		011	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	33565,0
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	13609,0
	467		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс бөлімі	7832,0
		001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7832,0
	468		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет және қала құрылысы бөлімі	5777,0
		001	Жергілікті деңгейде сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5777,0
12			Көлік және коммуникация	82361,1
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	228,0
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, кенттерде, селоларда, селолық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	228,0
	492		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	82133,1
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	79742,1
		024	Кентшілік (қалаішілік), қала маңындағы ауданішілік қоғамдық жолаушылар тасымалдарын ұйымдастыру	2391,0

13		Басқалар		16298,0
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты		16298,0
	040	"Өңірлерді дамыту" бағдарламасы шеңберінде өңірлерді экономикалық дамытуға жәрдемдесу бойынша шараларды іске асыру		16298,0
Функционалдық топ				
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				Сума
Бағдарлама				
Атауы				
1	2	3	4	5
14			Борышқа қызмет көрсету	2,3
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	2,3
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	2,3
15			Трансферттер	20992,7
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	20992,7
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	19342,7
		053	Жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша толық пайдалануға рұқсат етілген, өткен қаржы жылында бөлінген, пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы даму трансферттерінің сомасын қайтару	1650,0
			III. Таза бюджеттік кредит беру	7215,1
			Бюджеттік кредиттер	8906,1
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	8906,1
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	8906,1
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға берілетін бюджеттік кредиттер	8906,1
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	1691,0
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	1691,0
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	1691,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	1691,0
			IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0,0
			Қаржы активтерін сатып алу	0,0
			Мемлекеттік қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	-38230,2
			VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)	38230,2
			Қарыздар түсімі	8906,0
7			Қарыздар түсімі	8906,0
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	8906,0
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	8906,0
			Қарыздарды өтеу	1691,0
16			Қарыздарды өтеу	1691,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1691,0
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	1691,0

		Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	31015,2
8		Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары	31015,2
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	31015,2
		1 Бюджет қаражатының бос қалдықтары	31015,2

Бұланды аудандық мәслихатының
2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 5С-34/1
шешіміне 2 қосымша

2016 жылға арналған аудандық бюджет

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Ақмола облысы Бұланды аудандық мәслихатының 11.11.2015 № 5С-42/1 (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты				Сом м ы ң тенге
Сыныбы				
Ішкі сыныбы				
Атауы				
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	2098497,0
1			Салықтық түсімдер	461125,0
	01		Табыс салығы	24903,0
		2	Жеке табыс салығы	24903,0
	03		Әлеуметтік салық	213790,0
		1	Әлеуметтік салық	213790,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	192540,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	128455,0
		3	Жер салығы	20706,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	40990,0
		5	Бірыңғай жер салығы	2389,0
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	25618,0
		2	Акциздер	4548,0
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	15562,0
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	5508,0
	07		Басқа да салықтар	144,0
		1	Басқа да салықтар	144,0
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	4130,0
		1	Мемлекеттік баж	4130,0
	2		Салықтық емес түсімдер	457,0
		01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	457,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	457,0
	3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	48178,0
		03	Жерді және материалдық емес активтерді сату	48178,0

	1	Жерді сату	48178,0
4		Трансферттердің түсімдері	1588737,0
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	1588737,0
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	1588737,0

Функционалдық топ				Сома
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				
Бағдарлама				
Атауы				
1	2	3	4	5
			II. Шығындар	2098497,0
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	229453,0
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	14939,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14939,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	61207,0
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	61207,0
	123		Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	115540,0
		001	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қаланың, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	115540,0
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	22599,0
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	21374,0
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	883,0
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	342,0
	492		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй - коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	8115,0
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй - коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	8115,0
	493		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	7053,0
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, өнеркәсіпті және туризмді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7053,0
02			Қорғаныс	3211,0
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	3211,0
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	1980,0
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	1231,0
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	306,0
			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы,	

492		жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі	306,0	
	021	Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	306,0	
04		Білім беру	1553932,0	
	123	Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің аппараты	174,0	
Функционалдық топ				
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			Сума	
Бағдарлама				
Атауы				
1	2	3	4	5
		005	Селолық жерлерде оқушыларды мектепке дейін тегін алып баруды және кері алып келуді ұйымдастыру	174,0
464			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	1524258,0
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10596,0
		003	Жалпы білім беру	1321481,0
		005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	24490,0
		006	Балаларға қосымша білім беру	51875,0
		009	Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру ұйымдарын қамтамасыз ету	78074,0
		015	Жетім сәбиді (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған сәбиді (балаларды), асырап бағу үшін қамқоршыларға (қорғаншыларға) ай сайын ақша қаражаттарын төлеу	18357,0
		018	Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру	16807,0
